

Анықтама

Мектебімізде зорлық-зомбылықтың алдын-алуда буллинг мәселесімен талаптарға сай жұмыстар жүргізілуде (соның ішінде буллинг балалармен және буллинг құрбандарымен) Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалаудегенді білдіреді. Адам үйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай.

Буллинг әр түрлі мағынаны білдіруі мүмкін. Ол:

- адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу
- оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру
- сол жайында өсек тарату
- оны елемеу немесе жекелету
- ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою
- ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру
- қокан-лоқы көрсету немесе қорқыту

Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.

8-11 сыныптар оқушылары арасында Буллинг және Кибербуллинг тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түсіндіру жұмыстары кезінде оқушыларға психологтар тарапынаан әртүрлі ситуациялық сұрақтар тақырыпқа байланысты берілді. Оқушылармен бірге бірлесе отырып ситуациялық сұрақтарды ортаға сала отырып талдадық. Сонымен қатар ситуациялық сұрақтарға байланысты оқушылармен ситуацияны анықтау мақсатындар рөлдік ойындар жүргізілді.

Түсіндіру жұмыстарының соңында оқушылар өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап алды.